

## СТАЛКИНГ ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Саясат Іңкәр

7M01101-Педагогика және психология білім бағдарламасының I курс магистранты,  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан  
Ғылыми жетекші, PhD Г.О. Мугауина

Қазіргі қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынас тек тікелей байланыспен ғана емес, интернет пен әлеуметтік желілер арқылы да жүзеге асады. Бұл мүмкіндіктер адамдарға жақындасуға көмектескенімен, кейде қауіптің жаңа түрлерін де тудырады. Солардың бірі - сталкинг, яғни бір адамды жүйелі түрде аңду, қудалау және мазасын алу. Бұл мәселе көптеген елдерде өзекті болып отыр және психологиялық, әлеуметтік, тіпті құқықтық тұрғыдан маңызды тақырыпқа айналууда.

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жаңа 115-1-бабына «Сталкинг» енгізілген заңға қойды. Заң соқтығысуды «адаммен байланыс орнатуға және (немесе) оның еркіне қайшы келетін, зорлық-зомбылықпен байланысты емес, айтарлықтай зиян келтіретін әрекеттерде көрінетін адамды заңсыз қудалау» деп анықтайды. Қылмыстық қудалау деп – бұл жеке өмірге құқықты бұзу, қозғалыс еркіндігін шектеу немесе психологиялық қысым сияқты нақты зиян болған кезде басталады. Бұл бақылау, тұрақты қоңыраулар, хабарламалар, қоқан-лоққылар және қудалаудың басқа түрлерінде көрінуі мүмкін [1].

Бұл ретте адамдардың бір-біріне қол сұғу техникалық жағынан жеңілдетіледі және оны жеке тұлғалар да жүзеге асыра алады. Мұндай шабуылдардың қатарына сталкинг деп аталады, оның айналасында белсенді пікірталас қоғамдық кеңістікте де, ғылыми қоғамдастықта да өрбиді.

Сталкинг ұғымы ағылшын тілінің «to talk» - аңду, қудалау сөзінен шыққан. Ғылыми әдебиеттерде «стокинг» және «қудалау» терминдерді қарастырады.

Сонымен қатар, «Stalking» термині бастапқыда ағылшын тілінде аңшылықтағы олжаны аңду тактикасын сипаттау үшін қолданылған. «Адамға аңшылық жасау» ұғымы алғаш рет бұқаралық ақпарат құралдарында 1989 жылы актриса Ребекка Шеффер өлтірілгеннен кейін кеңінен қолданыла бастады. Оны ұзақ уақыт бойы Роберт Бардо аңдып, кейін атып өлтірген. Осы қылмыстан кейін Калифорния билігі «stalking» терминін жәбірленушіні жүйелі түрде қудалау, оған зиян келтіру немесе қорқыныш сезімін туғызу ниетімен жасалатын әрекеттерді сипаттау үшін қолдана бастады. Осыған байланысты, бұған дейін Джон Леннон өлімі де еске алынды, себебі оған шабуыл жасар алдында оны да жанкүйері ұзақ уақыт бойы қудалаған.

Сталкингті зерттеу әлеуметтанушілер, психологтар және гендерлік мәселелер саласындағы мамандар тарапынан белсенді түрде жүргізілуде. Құқықтық ғылымда сталкинг негізінен қылмыстық құқық тұрғысынан, сондай-ақ криминология және виктимология шеңберінде қарастырылады. Сонымен қатар, сталкингтің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі - жәбірленуші туралы ақпаратты пайдалану болып табылады. Осыған байланысты сталкингтен қорғану мүмкіндіктерін дербес деректерді қорғаудың қолданыстағы тетіктері негізінде қарастыру орынды. Атап айтқанда, деректерді қорғаудың құқықтық құрылымының маңызды элементі болып табылатын ақпараттық өзін-өзі айқындау тұжырымдамасы контекстінде талдау ерекше мәнге ие.

Атап айтсақ, сталкинг ұғымын отандық және шетелдік ғалымдар А.Ж. Ордаева, К.Т. Битемиров, Л.А. Болатбекова, С.Б. Абутаева, М.Шекербекова, С.В. Крапивко, А.Аманельдиев, К.А. Барышева, А.К. Зебницкая, В.Карпович, Е.Г. Сторублёнова, В.Л. Самуткин, S.G. Smith, K.C. Basile, M.Kresnow, C.Fraser, E.Olsen, Lee K., C.Southworth, S.Tucker, W.Hartzog, N.Richards, E.Spence-Diehl, B.H. Spitzberg, W.R.Cupach, J.R. Meloy, İ.Boyacıoğlu және т.б. зерттеген.

Ізденуші К.А. Барышеваның еңбегінде сталкингті былай сипаттайды: «Бұл бір адамға қатысты жүйелі түрде жүзеге асырылатын әрекеттер жиынтығы. Оларға бақылау жүргізу, тосып жүру, қалаусыз қоңыраулар шалу, хаттар, сыйлықтар мен хабарламалар жіберу, «Интернет» желісі арқылы қудалау, адам туралы ақпаратты анықтау және сол деректерді оған психологиялық әсер ету, жайсыздық пен күйзеліс туындату, сонымен қатар қорқыныш сезімін қалыптастыру мақсатында пайдалану жатады» [2].

Сталкинг (ізге түсудің) әдісіне қатысты физикалық жақындығын сақтай отырып, адамның соңынан еру немесе олардың үйіне бірнеше рет бару сияқты әрекеттер, офлайн немесе нақты өмірде ізге түсудің дәстүрлі әдістерімен жүзеге асырылады. Сталкинг (ізге түсудің) жаңа әдісі онлайн немесе киберсталкинг, онлайн немесе бір-неше желідегі байланыс платформалары арқылы жүзеге асырылады. Жәбірленушінің компьютеріне зиян келтіретін зиянды бағдарламалық жасақтаманы жиі жіберуі немесе электрондық пошта хабарламаларын жіберуі сондай-ақ, жеке ақпаратты көпшілік алдында жариялауы мақсаты туралы хабарламалар жібереді. Кейбір жағдайларда, сталкерлер өздерінің веб-сайттарында өздерінің құрбандарының жеке немесе байланыс ақпараттарын таратқан, сондықтан сталкерден басқада көптеген адамдар жәбірленушіні мазалайды [3].

Сондай-ақ, сталкинг - жаңа құбылыс емес, ол қазіргі ақпараттық технологиялар пайда болғанға дейін-ақ қалыптасқанын аңғаруымызға болады. «Интернет» желісі кеңінен таралмай тұрған кезеңнің өзінде-ақ өнер және шоу-бизнес қайраткерлері, сондай-ақ спортшылар жанкүйерлер тарапынан жасалатын қудалаудың нысанына айналған жағдайлар кең қоғамдық резонанс тудырған.

Сталкингтің пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді:

- **Психологиялық мәселелер** – кейбір адамдарда тәуелділік, қызғаныш немесе бақылауға деген шамадан тыс қажеттілік болады.

- **Қабылдамауды қабылдай алмау** – қарым-қатынас аяқталған кезде кейбір адамдар оны мойындай алмайды.

- **Билік пен бақылауға ұмтылу** – сталкер жәбірленушіге үстемдік жасағысы келеді.

- **Әлеуметтік дағдылардың төмендігі** – дұрыс қарым-қатынас орната алмау.

Алайда қоғамның жаппай ақпараттандырылуы сталкерлер тәжірибесінің дамуына елеулі әсер етті. Іс жүзінде қудалаушылар үшін жәбірленушілермен өзара әрекеттесудің жаңа - цифрлық кеңістігі қалыптасып және сталкингтің жаңа тактикалары мен әдістерінің пайда болуына алып келді. Кей жағдайларда бұл құбылысты сипаттау үшін «киберсталкинг» термині қолданылады, алайда ол жеткілікті дәл емес. Себебі «кибер-» префиксі қудалау тек онлайн ортада жүзеге асады деген түсінік қалыптастырады. Ал шын мәнінде құқық бұзушылардың әрекет ету құралдары әлдеқайда кең ауқымды қамтиды және оған онлайн сталкинг, технологиялық құрылғыларды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын қудалау, сондай-ақ нақты өмірдегі қудалау түрлері кіреді [4].

Жалпы алғанда, сталкинг әдістемелері криминология, психология және компьютерлік ғылымдар саласындағы әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде жан-жақты зерттелген [5]. Сондықтан осы жұмыста оларды егжей-тегжейлі талдаудың қажеттілігі жоқ. Сонымен қатар, белгілі бір әдістердің адамның дербес деректері мен жеке ақпаратының пайдаланылуымен қаншалықты байланысты екенін анықтау мақсатында олардың жалпы сипаттамасын беру маңызды.


Қазіргі таңда, ақпараттық технологиялардың дамуы сталкерлерге жәбірленушімен тек хаттар және өзге де «дәстүрлі» байланыс құралдары арқылы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі электрондық коммуникация құралдарын пайдалану арқылы да байланыс орнатуға мүмкіндік берді. Қарапайым қалаусыз, қорлайтын немесе қорқыныш тудыратын хаттармен қатар, сталкингтің жәбірленушіге электрондық байланыс арналары (пейджер, SMS-хабарламалар, әлеуметтік желілердегі хабарламалар мен пікірлер) арқылы жиі, дерлік үздіксіз хабарламалар жіберу арқылы қысым көрсету жағдайлары да белгілі.

Сталкерлер ақпарат жинаудың заңсыз тәсілдеріне де жүгінеді. Бұл ретте «*Сталкер*» деп - негізінен басқа адамды еркінен тыс, жүйелі түрде аңдып, бақылап, психологиялық қысым

көрсететін адам. Стелкер термині ағылшын тілінің «stalker» сөзінен шыққан және қазақша аңдушы, ізіне түсуші деген мағынаны білдіреді. Бұл әрекет «сталкинг» деп аталады, ол жеке шекараны бұзады, қорқыныш тудырады және заңмен қудалануы мүмкін қауіпті әлеуметтік құбылыс.

Мысалы, олар жәбірленушінің электрондық құрылғыларына бақылау жүргізуге арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді (stalkerware деп аталатын) орнатуы ықтимал, сондай-ақ адам туралы мәліметтерді «қара нарықтан» сатып алуы немесе әртүрлі деректер базаларынан дербес деректердің таралып кетуі нәтижесінде қолжетімді болған ақпаратты пайдалануы мүмкін. Мұндай ақпарат ерекше құндылыққа ие.

Сталкинг әртүрлі формада көрінеді. Олар: дәстүрлі сталкинг, киберсталкинг, қарым-қатынастан кейінгі сталкинг, танымайтын адам тарапынан сталкинг. Аталған сталкинг түрлері ашып жіктейтін болсақ:



*Сурет – 1 – Сталкингтің түрлері*

Қазіргі заманда адамдар онлайн-сервистер мен мобильді қосымшаларды белсенді түрде қолданады. Олардың тиімді жұмыс істеуі үшін пайдаланушылар тек көп көлемде дербес деректерді енгізіп қана қоймай, сонымен қатар бұл мәліметтерді үнемі жаңартып отыруы қажет (мемлекеттік қызметтер сервистері, такси мен каршерингке тапсырыс беру қызметтері, азық-түлік пен өзге де тауарларды жеткізу сервистері, онлайн-карталар мен навигаторлар және т.б.).

Сталкингтен қалай қорғануға болады?

Сталкингтен қорғану үшін бірнеше маңызды қадамдарды сақтау қажет:

1. **Байланысты шектеу.** Сталкермен байланысқа түспеуге тырысыңыз. Жауап беру кейде оның әрекетін күшейтуі мүмкін.
2. **Дәлелдерді сақтау.** Барлық хабарламаларды, қоңырауларды, скриншоттарды сақтап қойыңыз. Бұл құқық қорғау органдарына жүгінгенде қажет болады.
3. **Құпиялылықты күшейту.** Әлеуметтік желілердегі аккаунттарды жабық режимге ауыстыру. Жеке ақпаратты жарияламау
4. **Жақындарыңызға айту.** Отбасыңызға, достарыңызға немесе әріптестеріңізге жағдайды хабарлаңыз.
5. **Құқық қорғау органдарына жүгіну.** Егер сталкинг күшейсе, міндетті түрде полицияға арыз беріңіз. Көптеген елдерде бұл әрекет заңмен жазаланады.
6. **Қауіпсіздік шараларын күшейту.** Үйдің қауіпсіздігін арттыру. Күнделікті маршруттарды өзгерту.

Олай болса, сталкингті елеусіз қалдыруға болмайтын ең қауіпті құбылыс. Ол адамның психологиялық жағдайына ғана емес, өмір сүру қауіпсіздігіне де әсер етеді. Сондықтан әрбір адам бұл ұғымды түсініп, оның белгілерін ажырата білуі керек. Ең бастысы сталкингке тап болған жағдайда үнсіз қалмау керек. Қауіп сезілген сәттен бастап тиісті шараларды қабылдау адам баласының өз қауіпсіздігінің қамтамасыз етудің негізі жолы болып табылады.

#### Қолданылған деректер тізімі

1. Сталкинг үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman-aqmola-oblysy/press/news/details/1058626> (Қаралған күн: 02.03.2026ж.)
2. Барышева К.А. Преследование как новый вид уголовно наказуемого деяния // Пробелы в российском законодательстве. 2016. № 8. С. 178.
3. Ордаева А.Ж., Битемиров К.Т., Болатбекова Л.А., Исахов Б.С., Абутаева С.Б. Сталкинг зорлық-зомбылықтың жаңа түрі ретінде: оның амбивалентті сексизммен байланысы, гендерлік зорлық-зомбылыққа көзқарас // Al-Farabi Kazakh National University, Заң сериясы. No2 (110). 2024. – 140-14966. <https://doi.org/10.26577/JAPJ2024-110-b-013>
4. Fraser C., Olsen E., Lee K., Southworth C., Tucker S. The New Age of Stalking: Technological Implications for Stalking // Juvenile and Family Court Journal. 2010. Vol. 61. No. 4. P. 40. 39–55.
5. Spence-Diehl E. Stalking and Technology: The Double-Edged Sword // Journal of Technology in Human Services. - 2003. -Vol. 22. Iss. 1. - P. 5–18.